

**БАҚ- қа АРНАЛҒАН АҚПАРАТ**

4 мамыр 2012 жыл

Астана қаласы

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ : электр қуатын үнемдеу және тиімділікті арттыру**

Дамудың қуат көздерін тиімді пайдалану жолына көшу – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ұзақ мерзімді стратегиясындағы басымдылыққа ие міндеттердің бірі. Компанияның еншілес кәсіпорны «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамында 2007 жылдан бері осы мақсаттағы бағдарлама жүзеге асырылып келеді. Мұнда электр қуатын бақылау мен есебін жүргізудің автоматтандырылған жүйесі енгізілген.

Аталмыш жүйені енгізудің нәтижесінде жыл сайын 40 миллион квт/сағат электр қуатын үнемдеуге қол жетті. Сонымен қатар заманауи құрал-жабдықтарды пайдалану есебінен де жалпы қолданылатын электр қуатының 10-30 пайызы үнемделуде.

Қуат көздерін тиімді пайдалану жұмысы «Атырау МӨЗ», «ҚазТрансГаз», «Интергаз ОА», «ҚазМұнайГаз» БӨ», «Маңғыстаумұнайгаз», «Қазақтүрікмұнай» секілді компанияның еншілес және тәуелді кәсіпорындарында да жүйелі іске асырылып келеді.

*«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.*

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	